

Жамбыл облысының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарды дағдарыстан шығару жөніндегі шаралар туралы <*> Ескерту. 2-тармақтың 2-абзацының, 4,5,6,7 және 8-тармақтарының қолданылуы тоқтатылған Қазақстан Республикасының айрықша шешіміне дейін - ҚР Үкіметінің 1996.04.11. N 424 қаулысымен. ~P960424

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 ақпан N 195

Қалыптасқан дағдарысты жағдайды жеңу және Жамбыл облысының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру-мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті кәсіпорындардың қызметін қаржыландыру жөніндегі контракт міндеттемелерінің орындалмауына байланысты "ЮТЭК-ЛУКойл" компаниясымен 1995 жылғы 28 тамыздағы N 25/95 фосфор саласындағы кәсіпорындарды басқаруға контрактіні бұзсын.

2. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚРҮ-нің 1997.05.23. N 863 қаулысымен. P970863_

3. Мыналар құрылысын:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары В.Л. Меттенің төрағалығымен 1-қосымшаға сәйкес құрамда фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындардың оңалтылған процедураларын жүргізу жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын; <*>

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары В.В. Шевелевтің төрағалығымен 2-қосымшаға сәйкес құрамда кәсіпорындарды жедел басқару жөніндегі комиссия құрылсын;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттіктің директоры Б.М. Имашевтің төрағалығымен 3-қосымшаға сәйкес құрамда кәсіпорындардың қаржы жай-күйі мен борыштарын бағалау мен талдау жөніндегі комиссия құрылсын;

Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Э.К. Өтеповтің төрағалығымен 4-қосымшаға сәйкес фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарды жекешелендіру жөніндегі комиссия құрылсын;

Оған мыналар енгізілсін:

Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кәсіпорындардың

қаржы-шаруашылық қызметін тұрақтандыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың жоспарын он күн мерзімде ұсынсын.

Кәсіпорындардың өндірістік әлеуетін қалпына келтіру жөніндегі ұсыныстар;

борыштар құрылымын талдау, оларды өтеу немесе мерзімін ұзарту тетігін әзірлеу;

өндірістік-шаруашылық және басқарудың ұйымдық құрылымын, өндірістің сегментациясын жетілдіру;

жекешелендіруді одан әрі дайындау және жүргізу жөніндегі ұсыныстар.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.05.23. N 864 қаулысымен.

P970864_

4. Кәсіпорындар Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне банктік қызмет көрсетуге берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті кәсіпорындардың мемлекеттік және орналастырылмаған акциялар пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқықтарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік, мемлекеттік Медетші банкі және Кәсіпорындарды сауықтыруды жүргізудің жеке жоспарын екі апта мерзімде әзірлесін.

7. М.Д. Атабаев Кәсіпорындардың Сенімді басқарушысы болып тағайындалсын.

Сенімді басқарушы М.Д. Атабаевқа, Қазақстан Республикасы мемлекеттік Медетші банкі басқармасының төрағасы Т.М. Манақбаевқа төлем-есеп айырысу және жөнелту құжаттарына қол қою құқығы берілсін.

Кәсіпорындарды жедел басқару жөніндегі комиссияға Кәсіпорындардың қаржы тәртібін, олардың кадр құрамын нығайту жөнінде шаралар қабылдап, қолданыстағы заңдарға сәйкес қызметкерлердің санын, штатын белгілеу және қажет болған жағдайда кадрларды ауыстыруды жүргізу тапсырылсын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі қайта ұйымдастыру процедуралары жүргізілетін кәсіпорындарға қажетті бір айлық кредит лимитін олардың қоймаларындағы дайын

өнім көлемінің 85 проценті есебі негізінде, соның ішінде бірінші кезектегі ретпен 975 (тоғыз жүз жетпіс бес) млн. теңге белгіленсін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Жамбыл облысының әкімі заңда белгіленген тәртіппен акционерлердің құқықтарын сақтап:

"Химпром" (Жамбыл қаласы) акционерлік қоғамының бюджет алдындағы берешектерін өтеу есебіне 1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы сомасы 77414 (жетпіс жеті миллион төрт жүз он төрт мың теңге) мың теңге, "Химпром" (Жамбыл қаласы акционерлік қоғамының балансындағы Мәдениет сарайын, құрамында стадион және жүзу бассейні бар спорт кешенін, 200 орындық профилакторийді жергілікті атқарушы органдардың балансына беруді жүзеге асырсын;

Кәсіпорындардың тұрғын үй қорын және басқа да әлеуметтік-мәдени объектілерін жергілікті атқарушы органдардың балансына беруді бір ай мерзімде жүзеге асырсын.

10. Кәсіпорындарды жекешелендіру жөніндегі комиссия ұсынылған өндірісті сегменттеу және "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес Кәсіпорындарды одан әрі жекешелендіру сызбаларын бір ай мерзімде әзірлеп, жүзеге асыруға кіріссін.

11. Фосфор саласы ішіндегі Кәсіпорындардың қаржы жай-күйі мен борыштарын бағалау жөніндегі комиссия "Қаратау" акционерлік қоғамының бюджетке және Жанатас, Қаратау қалалары бюджеттерінің "Қаратау" акционерлік қоғамына 155 млн. (жүз елу бес млн) теңге сомасында берешектеріне өзара есептеме өткізу мүмкіндігін он күн мерзімде айқындап, Жамбыл облысының әкіміне тиісті Ұсыныстар енгізісін.

12. Жамбыл облысының әкімі:

Экспорттық өнім үшін төленген қосылған құн салығының алынған қосылған құн салығы сомасынан асып түсуінен 1995 жылдың ішінде құралған 262,2 млн. теңге (соның ішінде "НОДФОС" акционерлік қоғамы - 255,5 млн. теңге және "Жамбыл суперфосфат зауыты" акционерлік қоғамы бойынша - 7 млн. теңге) сомасындағы қосылған құн салығы бойынша асып түскен төлемдер есебінен бюджетке төлемдердің барлық түрлері бойынша өзара есептемелерді он күн мерзімде жүргізісін;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп 234,0 млн. теңге сомасында темір жол қызметі үшін айыппұлдар мен өсімдерді төлеуді тоқтатсын.

13. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Медетші банкінің қатысуымен Кәсіпорындардың қатысуымен құрылған барлық шағын кәсіпорындарды тарату немесе шағын кәсіпорындардың жарғы қорларына енгізген қаржысын Кәсіпорындардың есеп айырысу шоттарына заңда белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде қайтаруға шаралар қабылдасын.

14. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қайта ұйымдастыру процедуралары кезеңінде кәсіпорындардың дайын өнімдерінің барлық түрлерін уақтылы тиеліп, жөнелтілуі үшін вагондардың қажетті саны бірінші кезекте жасалған

шарттарға сәйкес бөлінуін қамтамасыз етсін.

15. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық жүйесі қайта ұйымдастыру процедуралары кезеңінде жасалған шарттарға сәйкес Кәсіпорындарға электр энергиясының іркіліксіз берілуін қамтамасыз етсін.

16. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары В.Л. Меттеге жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 13 ақпандағы
N 195 қаулысына
1-қосымша

Фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарында
оңалтылған процедураларын жүргізу жөніндегі
мемлекеттік комиссияның

<*>

Құрамы

Метте В.Л. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары, комиссия төрағасы
Балғымбаев Н.Ө. - Қазақстан Республикасының мұнай және газ
өнеркәсібі министрі, комиссия төрағасының
орынбасары
Штойк Г.Г. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және
сауда министрі,

комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

- Бәйменов А.М. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің орынбасары
- Ертілесова Ж.Д. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің бірінші орынбасары
- Ізтілеуіов Б.І. - Қазақстан Республикасы Эксимбанкі басқармасының төрағасы
- Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
- Құлманов М.Е. - "ЮТЭК-ЛУКойл" компаниясын басқарушы Басқарманың төрағасы
- Манақбаев Т.М. - Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі басқармасының төрағасы
- Мұқашев Ж.Д. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары
- Нұрғалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары
- Панов Ю.В. - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің орынбасары
- Тимкин М.И. - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары (келісім бойынша)
- Тышанов А.Қ. - Жамбыл облысының әкімі
- Шевелев В.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары
- Өтепов Э.К. - Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
- Удовенко С.Л. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Өнеркәсіп саясаты бөлімінің меңгерушісі

№ 195 қаулысына

2-қосымша

Фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарды жедел
басқару жөніндегі комиссияның
Құрамы

Шевелев В.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрінің орынбасары, комиссия
төрағасы

Әкімов Б.М. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрінің Химиялық өндіріс
департаментінің директоры, комиссия
төрағасының орынбасары

Сапарәлиев Ж. - Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары,
комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Атабаев М.Д. - "ЮТЭК-ЛУКойл" басқарушы компаниясының
президенті

Имашев Б.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының орынбасары - Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару
жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы
Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және
санациялау жөніндегі агенттіктің төрағасы

Нәсенов А.Б. - Қазақстан Эксимбанкі басқармасы
төрағасының орынбасары

Сармұзина Р.Г. - Қазақстан Республикасының Экономика
министрлігі микроэкономикалық саясат Бас
басқармасының химия және мұнай-химия кешені
бөлімінің бастығы

Қажкенов И.М. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты
Өнеркәсіп саясаты бөлімінің аға референті

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1996 жылғы 13 ақпандағы
N 195 қаулысына
3-қосымша

Фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындардың қаржы
жай-күйін және борыштарын бағалау мен
талдау жөніндегі комиссияның

Құрамы

- Имашев Б.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттіктің директоры, комиссия төрағасы
- Абдувалиева Т.В. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі экономика, кәсіпорындарды санациялау және нарық қатынастары басқармасының бастығы, комиссия төрағасының орынбасары
- Сапарәлиев Ж. - Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

- Әбиев Б.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының бөлім бастығы
- Атабаев Б.С. - "ЮТЭК-ЛУКойл" Басқарушы компаниясының президенті
- Бегяхметов Т.Х. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары
- Жылқышиев Б.А. - Жамбыл қаласының әкімі
- Есіркепов О.К. - Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Жамбыл аумақтық комитетінің төрағасының бірінші орынбасары

- Мәдиев Б.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Өнеркәсіптің базалық салалары жетекші басқармасының бастығы
- Нұрымов А.А. - Жамбыл облыстық салық инспекциясының бастығы
- Раханов М.С. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары
- Сансызбаев С.Н. - Қазақстан Эксимбанкі басқармасы төрағасының орынбасары
- Сапожников А.Ю. - Қазақстан Республикасының Жамбыл облысы бойынша Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
- Шимишев Р.Г. - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі экономикалық заңдар бөлімінің жетекші консультанты
- Өтеғұлов М.С. - Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі басқармасы төрағасының орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 13 ақпандағы
N 195 қаулысына
4-қосымша

Фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарды
жекешелендіру жөніндегі комиссияның
Құрамы

- Өтепов Э.К. - Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, комиссия төрағасы
- Мәдиев Б.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің базалық салалар жетекші басқармасының бастығы, комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Жанғабаев К.А. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің меншік қатынастары басқармасы бастығының орынбасары

Ексібаев Ж.Д. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитет талдау, бақылау және жекешелендіруді қолдау басқармасының бастығы

Жәрменов Б.Б. - Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі аумақтық саясат және реформаларды ұйымдастыру-атқаруды қамтамасыз ету басқармасының бастығы

Комбаков Т.У. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі экономика және нарықтық қатынастар басқармасы бастығының орынбасары

Оңдашев Н.К. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі нарықтық инфрақұрылымды дамыту басқармасының бастығы

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.05.23. N 864 қаулысымен.

P970864_